QAZAQSTAN ULTTYQ BANKI

# АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

**Халықаралық ақша аударымдары жүйелері арқылы 700 миллиардтан астам теңге жіберілді**

*2020 жылғы 6 наурыз*

2019 жылы Қазақстан аумағында 7 халықаралық ақша аударымдарының жүйесі (Золотая корона, Western Union, ЮНИСТРИМ, Contact, Faster, MoneyGram, BLIZKO) жұмыс істеді.

Халықаралық ақша аударымдары жүйелері (бұдан әрі - ХААЖ) арқылы жіберілген ақша аударымдарының жалпы көлемі 2019 жылы 701 млрд теңге сомасына 2,9 млн транзакция болды. Жіберілген аударымдардың жалпы көлемінің өсуі 2018 жылмен салыстырғанда 4,0% болды.

Қазақстанда 2019 жылы ХААЖ-ды пайдалана отырып 46,5 млрд теңге сомасына 0,3 млн транзакция жіберілді. Көрсетілген кезеңде Қазақстаннан шетелге 655,2 млрд теңге сомасына 2,6 млн транзакция жіберілді.

Шетелге жіберілген аударымдар көлемінің 80%-ы 4 елге тиесілі: Ресей Федерациясы (31,9%), Өзбекстан (21,2%), Түркия (14,3%) және Қырғызстан (13,3%).

Шетелден 2019 жылы ХААЖ арқылы 344,6 млрд теңге сомасына 1,7 млн транзакция қабылданды. Шетелден алынған аударымдардың жартысынан көбі Қазақстанға Ресей Федерациясынан (37,6%) және Оңтүстік Кореядан (19,1%) жіберілді.

Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мынадай телефон бойынша алуына болады:
+7 (727) 2704 591 (3930)
+7 (727) 330 24 52 (1452)
+ 7 (727) 2704 596 (1596)
e-mail: press@nationalbank.kz
www.nationalbank.kz